



Бекітемін
Мектеп дир: К. Ешанқұлов

«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ата – аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

Қ/с	Атқарылатын іс - шаралар	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 Ата – аналар кеңесінің отырысы : - ата – аналар комитетінің төрағасын тағайындау және олардың мүшелерін сайлау - жаңа оқу жылында өтілетін іс шаралар жоспарымен таныстыру ;	Жиналыс	Қыркүйек	ДТІЖО М. Аққозиев Ж. Бұхарбаева Ата-аналар ком.төр. Б. Мырзабаев
2	Ата-аналарды тәрбие жұмыстарына қатыстыру	Байланыс жұмыс	Қазан	8-11 сынып жетекшілері
3	№2 Жалпы ата – аналар жиналысы «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі ролі» атты баяндама	Жиналыс Баяндама	Қазан	М. Аққозиев Ж. Бұхарбаева Ата-аналар ком.төр Б. Мырзабаев
4	Ерекше назардағы оқушылардың ата- аналарына психологиялық қолдау көрсету;	Психологиялық қолдау	Үнемі	Психологтар
5	№3 Жалпы ата-аналар жиналысы ата-аналардың қатысуымен дөңгелек үстел өткізу	Жиналыс	Желтоқсан	М. Аққозиев Ж. Бұхарбаева Ата-аналар ком.төр Б. Мырзабаев
5	Ата-аналармен сауалнама жұмыстарын жүргізу «Мектеп және отбасы»	Сауалнама	Қаңтар	ДТІЖО
7	№4 Жалпы ата-аналар жиналысы «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың профилактикасымен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алуы туралы » баяндама	Жиналыс Баяндама	Қаңтар	М. Аққозиев Ж. Бұхарбаева Ата-аналар ком.төр Б. Мырзабаев
8	Пікір сайыс : «Балаларымыздың жасырын әлемі»	Пікір сайыс	Кезінде	А. Омар
9	ҚТДЖБ инспекторымен кездесу		Кезінде	Сынып жетекшілері
10	Құқықтық оқыту : - ҚР «Неке және отбасы » туралы Заңы - ҚР «Бала құқығы туралы» Заңы - ҚР «Тіл туралы» Заңы		Кезінде	ДТІЖО М. Аққозиев Ж. Бұхарбаева Әлеуметтік пед. Т. Бұхарбаев
11	Мерекелік іс-шараларға ата-аналарды шақыру	Байланыс	Кезінде	Сынып жетекшілері
12	№5 Ата – аналар кеңесінің отырысы: - жылдық есеп - жаңа оқу жылын жоспарлау	Жиналыс	Мамыр	М. Аққозиев Ж. Бұхарбаева Ата-аналар ком.т Б. Мырзабаев

Дайындаған :

М. Аққозиев

**«№40 F . Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің онлайн өткізілген ата –аналар жиналысының
хаттамасы № 1**

F. Мұратбаев ауылы

12.09.2023ж

**Қатысқан мұғалімдер 56
Ата-аналар 118**

Күн тәртібі:

- 1 . Өткен 2022 –2023 оқу жылындағы ата – аналар кеңесінің есебі**
- 2 . Жаңа ата – аналар комитетінің төрағасын тағайындау және олардың мүшелерін сайлау**
- 4. Түрлі мәселелер**

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры К. Ешанқұлов сөз алып , 2022-2023 оқу жылында ата – аналар комитетінің атқарған жұмыстарына тоқталып өтті . Өткен оқу жылында ата – аналар кеңесінің қатысуы мен бірнеше жұмыстар атқарылып , ата-аналар жиналыстары өткізілді. Мектепте жазғы сауықтыру лагері және қала сыртында сауықтыру лагері ұйымдастырылды.. Қала сыртындағы лагерге 62 оқушы барып демалып қайтты. ҰБТ-ке баруда кеңес мүшелерінің атқарған жұмыстарына тоқталып, ҰБТ нәтижесі бойынша ауданда алдыңғы қатарда екендігімізді айтты. Өткен жылғы бітірген оқушыларымыздан 5 бала Алтын белгі иегері атанды. Жалпы былтырғы жылы бітіруші 68 оқушыдан 63 ҰБТ те барып жақсы нәтиже көрсетті. 19 оқушы грант иегері атанды. Биылғы оқу жылында ҰБТ –те былтырғыдан да жоғары нәтиже көрсету үшін ата-аналарды ұстаздармен қоян- қолтық жұмыс жүргізуге шақырды. Сонымен қатар биылғы оқу жылында мемлекет тарапынан ұйымдастырылған бастауыш сынып оқушыларына 4 кезеңге бөліп бір мезгілдік ыстық тамақ беріліп жатқандығына тоқталды. Бастауыш сынып оқушыларына сыныптар аралы Мектеп басшысының бұл ұсынысын ата-аналар бірауыздан қолдап қуаттады. Жиналысқа қатысқан ата-аналар кеңес жұмысын қанағаттанарлы деп бағалады .

Екінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Аққозиев сөз алып ,жаңа оқу жылына ата – аналар кеңесін құрамын сайлау қажеттігі және де кімде қандай ұсыныс бар екендігін сұрады. Жиналыста айтылған ұсыныстар бойынша ата – аналар кеңесі 5 немесе 3 адамнан құралу керектігін айтты .Ата –аналар тарапынан бұрынғы құрам төмендегі ата – аналар қайта ұсынылды :

- 1. Б.Мырзабаев**
- 2. А. Омаров.**
- 3. Б. Сарсенбеков**
- 4. Ұ.Бизахова**
- 5 . Елтохова Г**

Ұсынылған ата – аналар өз ой пікірлерін ортаға салды . Мектеп ата – аналар кеңесінің төрағасы етіп Б.Мырзабаевты қайта сайласақ деген ұсыныстар болды. Айтылған ұсыныстарды жиналысқа қатысқан ата-аналар бірауыздан қолдады.

Сонымен қатар ата-аналардан оқушылардың мектеп формасы мен дене тәрбие сабағында киетін спорттық киімін түгелдеуде атсалысуға шақырды. Оқушыларды сабаққа кешікпей келуі, себепсіз келмей қалуы және беймезгіл көшеде жүрмеуінің алдын алуда біргелікте жұмыс жасауға шақырды.

Жарыссөзге шыққан қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ұ.Бизахова, М.Салықбаевтар мектеп оқушыларын тәртіпке шақыруда, балаларды ҰБТ – ға дайындауда ата – аналардың ролі зор екендігі атап өтті .

Сөз алған ата – аналар кеңесінің төрағасы Б.Мырзабаев биылғы оқу жылындағы бастауыш сыныптарға мемлекет тарапынан беріліп жатқан бір мезгілдік ыстық тамақтың өте дұрыс болғанын және де ата-аналар тарапы бұл жаңа жүйені қолдап қуаттайтынын айтып,рахметтерін айтты.

Жиналысын қаулы етеді:

1.2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар кеңесінің есебі қанағаттанарлы деп табылсын.

2. Ата – аналар кеңесінің төрағасы болып Б. Мырзабаев,мүшелері болып

А.Омаров,Б.Сарсенбеков,Ұ.Бизахова, Г. Елтохова сайлансын .

3. Сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы :



К.Ешанқұлов

Ж. Бұхарбаева

**«№ 40 Г . Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің ата –аналар жиналысының
хаттамасы № 2**

26.10.2023ж

Қатысқан мұғалімдер 49
Ата-аналар 192

Күн тәртібі

1. Күзгі демалыс кезіндегі оқушылар қауіпсіздігін алдын алу
- 2.«Ата-ананың бала тәрбиесіндегі ролі» баяндамашы Ж. Бұхарбаева
3. Түрлі мәселелер

Тыңдалды

Жиналыс төрағасы К. Ешанқұлов күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе күзгі демалыс кезіндегі оқушылар қауіпсіздігінің алдын алу екендігін айтты.. Кейбір мектептерде болып жатқан келеңсіз жағдайларды айта келе, күзгі демалыс кезінде түрлі қауіпсіздік ережелері мен көшеде жүру ережелерін сақтауын, өзен, көл жағалауларына бармауын және беймезгіл көшеде жүрмеуін ата –аналарға ескертті. осындай балаға қауіп төндіретін жағдайлардың өз мектебімізде болдырмау керектігін айтты.Жиналысқа қатысқан ата-аналардан бірлесе жұмыс істей отырып , бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамауларын сұранды.

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Аққозиев күзгі демалыс кезінде бала тәрбиесін біргелікте қолға алуға шақырды. Балалардың бос уақытына негізделген мектептегі ақысыз үйірмелер мен спорт секциялары ұйымдастырылғанын айтып өтті. Түнгі беймезгіл уақытта балалардың көшеде жүруінің алдын алуға мобильдік топ мүшелерінен кезекшілер қойылғанын айтты.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаева «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі ролі » тақырыбында баяндама жасады. Ол өз баяндамасында ұрпақ тәрбиелеуде отбасының ролі зор екендігіне тоқталып өтті. Әрбір бала мектепте бес сағат қана болады , қалған уақыттың барлығында ата-ананың алдында болады. Әсіресе түнгі мезгілде баланың қайда жүргеніне жауапты тікелей ата-ана екенін ескертті. Өз баяндамасын қорыта келе ата-аналарды біргелікте ұйымдасқан түрде жұмыс істеуге шақырды.

Жарыссөзге шыққан ата-аналар Ж. Ибрагимов, А. Сарсенбеков, А. Назаровтар және ата-аналар комитетінің төрағасы Б.Мырзабаевтар мектепте демалыс кезінде ұйымдастырылған үйірмелерге балаларды толық қатысуын қолға алу керектігін айтты.

Түрлі мәселелер бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М. Аққозиев сөз алып, мектеп оқушыларының оқу және дене тәрбие сабағындағы формасы мектеп ішіндегі оқушылар тәртібі жөнінде атап өтті . Күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен сынып жетекшілер таныстырғанын айтып өз сөзін аяқтады.

Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Күзгі демалыс кезінде балалар қауіпсіздігінің алдын алу жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге жүктелсін
- 2.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаеваның баяндамасы назарға алынсын

Жиналыс төрағасы:
Хатшысы :



К.Ешанқұлов
Ж. Бұхарбаева

20.05.2014 ж.

Қатысқан мұғалімдер 97
Ата-аналар 109

Күн тәртібі

1. Жазғы демалыс кезіндегі оқушылар қауіпсіздігін алдын алу
2. Ата-аналар кеңесінің отырысының жылдық есебі
3. Түрлі мәселелер

Тыңдалды

Жиналыс төрағасы К. Ешанкұлов күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жазғы демалыс кезіндегі оқушылар қауіпсіздігінің алдын алу басты мәселе екендігін айта келе мектебімізде жазғы демалыста балалар қауіпсіздігінің алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар бойынша айтты. Әрбір сыныпта демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздігі жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ата-аналарына қол қойдырып алынды. Жазғы демалыс кезінде бала өмірінің жауапкершілігіне ата-ана да жауапты екендігін ескертті. Осы мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Аккозиевке сөз кезегі берілді.

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Аккозиев жазғы демалыс кезінде бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету барлығымызға ортақ екендігін айтты. Барлық сыныптарда демалыс кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігін алдын алуға бірқатар жұмыстар атқарылуда. Атап айтар болсақ, баланың жазғы жауапкершілігін ата-анаға жүктеуге байланысты қол қойдыру, баланың өзіне түсіндірілуі жайлы инструкция толтыру тағы басқа сол сияқты жұмыстар атқарылды. Дегенмен жазғы демалыс кезінде балалар ата-ананың қолында болады, соныдықтан бала тәрбиесін біргелікте қолға алуға шақырды.

Екінші мәселе бойынша ата-аналар кеңесінің төрағасы Б. Мырзабаев сөз алып, ата-аналар кеңесінің жылдық есебі туралы айтты. Жыл бойғы өтілетін ата-аналар жиналысы толығымен өтілді. Онда қаулыдағы айтылған мәселелердің барлығы ретке келтірілді. Жалпы жылдық ата-аналар жиналысының бағыт бағдары қанағаттанарлы деп өз сөзін аяқтады.

Жарыссөзге шыққан ата-аналар Қ. Биғараева, А. Сатбаевтар ата-аналар жиналысының жылдық есебіне оң баға берді. Мұғалімдерден сөз алған Ш. Алдиярова, Г. Парпиева, Г. Мелдебаева бірауыздан қолдап қуаттады.

Түрлі мәселелер бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Өтешов сөз алып, 11-сынып оқушыларының ҰБТ – ға дайындауда ата – ана ролі зор екендігі атап өтті. Ата-аналардан балаларды тестке дайындауда көмек көрсету және де қолдап қуаттауын сұрады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жазғы кезінде балалар қауіпсіздігінің алдын алу жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге жүктелсін
2. Ата-аналар жиналысының жылдық есебі қанағаттанарлы деп табылсын.

Жиналыс төрағасы
Хатшысы



К. Ешанкұлов
Ж. Бұхарбаева

**«№ 93 F . Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің ата –аналар жиналысының
хаттамасы**

20 .03.2024ж

Қатысқан мұғалімдер 94
Ата-аналар 182

Күн тәртібі

- 1 . Көктемгі демалыс кезіндегі оқушылар қауіпсіздігін алдын алу
- 2.« Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың профилактикасымен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алуы туралы» баяндамашы Ж. Бұхарбаева
3. Түрлі мәселелер

Тындалды

Жиналыс төрағасы К. Ешанқұлов күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе көктемгі демалыс кезіндегі оқушылар қауіпсіздігінің алдын алу екендігін айтты. Көктемгі демалыс кезінде оқушылардың өзен жағалауларына бармауы, балық ауламауы жайлы айтты. Жиналысқа қатысқан ата-аналардан бірлесе жұмыс істей отырып , бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамауларын сұранды.

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Акқоziев көктемгі демалыс кезінде бала тәрбиесін біргелікте қолға алуға шақырды. Балалардың бос уақытына негізделген мектептегі ақысыз үйірмелер мен спорт секциялары ұйымдастырылғанын айтып өтті. Түнгі беймезгіл уақытта балардың көшеде жүруінің алдын алуға мобильдік топ мүшелерінен кезекшілер қойылғанын айтты.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаева «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқы бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу» тақырыбында баяндама жасады. Ол өз баяндамасында ұрпақ тәрбиелеуде отбасының ролі зор екендігіне тоқталып өтті. Әрбір бала мектепте бес сағат қана болады , қалған уақыттың барлығында ата-ананың алдында болады. Әсіресе түнгі мезгілде баланың қайда жүргеніне жауапты тікелей ата-ана екенін ескертті. Өз баяндамасын қорыта келе ата-аналарды біргелікте ұйымдасқан түрде жұмыс істеуге шақырды.

Жарыссөзге шыққан ата-аналар М. Өтешов, Ұ. Бизахова, Б. Парпиесвер мектепте демалыс кезінде ұйымдастырылған үйірмелерге балаларды толық қатысуын қолға алу керектігін айтты. Мұғалімдерден сөз алған А.Назаров, А. Сарсенбековтар айтылған мәселелерді бірауыздан қолдап-қуаттады.

Түрлі мәселелер бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М. Байходжаев сөз алып, мектеп оқушыларының оқу және дене тәрбие сабағындағы формасы мектеп ішіндегі оқушылар тәртібі, балаларды ҰБТ – ға дайындауда ата – ана ролі зор екендігі атап өтті .

Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Демалыс кезінде балалар қауіпсіздігінің алдын алу жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге жүктелсін
- 2.Мектеп жанынан ұйымдастырылған үйірмелерге оқушылар толық тартылсын
- 3.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаеваның баяндамасы назарға алынысын

Жиналыс төрағасы:
Хатшысы:



К.Ешанқұлов
Ж. Бұхарбаева

«№ 40 F . Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ата –аналар жиналысының хаттамасы

25.12.2023ж

Қатысқан мұғалімдер 53
Ата-аналар 248
Ауыл биі С. Ботанбаев
Ауыл ақсақалы А. Бабышев
Ата аналар ком.төрағасы: Б. Мырзабаев

Күн тәртібі

1. Мереке қарсаңында пиротехникалық заттарды қолданбау туралы
2. «Қиын бала қайдан шығады?» Баяндамашы Ж. Бұхарбаева
3. Қысқы демалыс кезіндегі оқушылар қауіпсіздігі және ұйымдастырылған іс шаралар
- 4.. Түрлі мәселелер

Тыңдалды

Жиналыс төрағасы К. Ешанқұлов күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе қысқы демалыс кезіндегі оқушылар қауіпсіздігінің алдын алу мәселесі және де келеңсіз жағдайлардың өз мектебімізде болдырмаудың алдын алу үшін мектебімізде 20.12.2023ж №205 бұйрығына сәйкес жұмыс жүргізу керектігін айтты. Жиналысқа қатысқан ата-аналарды бірлесе жұмыс істеуге шақыра отырып , бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамауларын сұранды.

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Аққозиев қысқы демалыс кезінде бала тәрбиесін біргелікте қолға алуға шақырды. Балалардың бос уақытына негізделген мектептегі ақысыз үйірмелер ұйымдастырылғандығын айтты. Алдағы келе жатқан Жаңа жыл мерекесі аудандық білім бөлімінің нұсқаулығына сәйкес желтоқсанның 25-28 аралығында өтілетіндігін айтты. Яғни МАД 25 желтоқсан, 1-4 сыныптар 26 желтоқсан, 5-8 сыныптар аралығында 27 желтоқсан, 9-11 сыныптар аралығында 28 желтоқсанда өтілетіндігін айтып өтті. Сонымен бірге мереке күндерінде (29,30,31 желтоқсан күндері) түнгі уақытта балаларды қадағалаусыз қалдырмауын сұранды. Мереке күндері қушылардың көшеде беймезгіл жүруінің алдын алу мақсатында мобильдік топ мүшелерінен түнгі кезекшілер қойылғанын айтты. Мобилді топ мүшелерімен қоса сынып жетекшілер де түнгі рейдте кезекшілікке шығатындығын айтты. Әрбір сынып жетекші өз сыныбының ата-аналарымен оқушыларына жаңа жылдық мерекелік демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізу керектігін және де инструкцияға қол қойдырып, хаттамалар толтырылу керектігін хабарлады.



Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаева «Қиын бала қайдан шығады?» тақырыбында баяндама жасады.сөз алып бала тәрбиесінде ата-ананың ролі зор екендігіне тоқталып өтті. Әрбір бала мектепте болған уақытына қарағанда үйдегі уақыты басымдау болады. Сол себептен ата-аналар балаларыңыздың қауіпсіздігіне көп көңіл бөлу керектігін айтып, өз сөзін аяқтады.

Жарыссөзге шыққан ата-аналар комитетінің төрағасы Б. Мырзабаев, ауыл биі С. Ботанбаев, ауыл ақсақалы А. Бабышевтар өз сөздерінде мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуымыз керек дей келе оқушылардың мектепке келіп –кету кезіндегі көшеде жүру тәртібіне тоқталды. Ата –аналар тарапынан сөз алған ел ағалары М.Қабланов,Ә.Сәмбетов,И.Арзықұловтар өз сөздерін қортындылай келе мектеп басшысы К.Ешанқұловтың жаңа жыл мерекесі кезінде балалардың қауіпсіздігіне біргелікте жұмыс жасайық деген сөзін бірауыздан қолдап қуаттайтындарын жеткізді.

Түрлі мәселелер бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Самбетов сөз алып, оқушылардың ҰБТ –ға дайындауда ата – ана ролі зор екендігі атап өтті . Ата –аналардан балаларды ҰБТ-ға дайындауға атсалысуға шақырды.

Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Қысқы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігінің алдын алу жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге жүктелсін
- 2.Жаңа жыл мерекесі кезінде және түнгі мезгілде әр ата-ана өз баласын қадағалайтын болсын.
- 3.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаеваның баяндамасы назарға алынсын

Жиналыс төрағасы: 
Хатшысы: 

К.Ешанқұлов
Ж. Бұхарбаева